ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМА

1265869 , GPS-мониторинг жүйесі арқылы автокөлік құралдарына мониторинг қызметтері сатып алу бойынша Ашық тендер тәсілімен

Лот № 1 (11 У, 4566940) GPS-мониторингі жүйесі арқылы автокөлік құралдарына мониторинг қызметтері

Тапсырыс беруші: АҚ "Каражанбасмунай"
Ұйымдастырушы: АҚ "Каражанбасмунай"

1. ТЖҚ қысқаша сипаттамасы

Атауы	**Мәні**
Жол нөмірі	11 У
Атауы және қысқаша сипаттамасы	GPS-мониторингі жүйесі арқылы автокөлік құралдарына мониторинг қызметтері, GPS-мониторингі жүйелері арқылы автокөлік құралдарын бақылау қызметері
Қосымша сипаттама	GPS-мониторинг жүйесі арқылы автокөлік құралдарына мониторинг қызметтері
Саны	1.000
Өлшем бірлігі	-
Жеткізу орны	ҚАЗАҚСТАН, Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Мангистауская область, Тупкараганский район, месторождение Каражанбас
Жеткізу шарттары	-
Жеткізу мерзімі	01.2027 бастап 12.2029 дейін (қоса алғанда)
Төлем шарттары	Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 100%, Соңғы төлем - 0%

2. Сипаттамасы және талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары

2. Қызметтердің мәні мен мақсаты

2.1. Орындаушы Тапсырыс берушіге GPS-мониторингтің автоматтандырылған жүйесін (АМЖ) ұсыну және сүйемелдеу, автокөлік техникасын (АКТ) мониторингтеу, борттық GPS-терминалдарға, жанармай шығынының датчиктеріне (ЖШД), GPS-аксессуарларға және дизельді жанармай деаэраторларына техникалық қызмет көрсету, сондай-ақ деректерді өңдеу, ұсыну және есептілік бойынша кешенді қызметтер көрсетеді.

2.2. Қызметтердің мақсаты — АМЖ-ның тәулік бойы қолжетімділігін, деректерді үздіксіз қабылдау мен сақтауды, АКТ-ның орналасқан жері мен пайдаланылуын бақылауды, жанармай шығынын есепке алуды және ақауларды дер кезінде анықтау мен жоюды қамтамасыз ету.

2.3. Қызметтер Тапсырыс берушімен келісілген технологиялық үзілістерді қоспағанда, аптасына 7 күн, тәулігіне 24 сағат, соның ішінде демалыс және мереке күндері көрсетіледі.

3. Терминдер мен қысқартулар

Термин	Мағынасы

Тапсырыс беруші	«Қаражанбасмұнай» акционерлік қоғамы
Орындаушы	Сатып алу жеңімпазы деп танылған және шарт бойынша қызмет көрсететін өнім беруші.
ТЖ / АМЖ	Борттық GPS-терминалдардан деректерді жинауды жүзеге асыратын мобильді объектілерді бақылау және автоматтандырылған мониторингтеудің телеметрия жүйесі.
АКТ / КҚ	Тапсырыс берушінің автокөлік және арнайы техникасы.
Борттық GPS-терминал	Навигациялық бақылауыш (контроллер) (Gal ileosky 7x, 10 типті), GSM/GPRS координаттары арқылы берілуімен, CAN-шина параметрлерімен және датчиктердің жә й – күйін тіркеуге арналған түрі.
GPS / ГЛОНАСС	Дүниежүзілік WGS 84 координаттар жүйесінде координаттарды, уақытты және жылдамдықты анықтауды қамтамасыз ететін спутниктік навигациялық жүйелер.
GSM / GPRS	Мониторинг серверіне телеметрияны жіберуге арналған ұялы байланыс стандарты және пакеттік деректерді беру хаттамасы.
ЖШД	Іштен жану қозғалтқышының (ІЖҚ) жанармай магистраліне іс жүзінде тұтынылған жанармай көлемін тікелей өлшеу үшін орнатылатын жанармай шығынының датчигі (ағынды шығын өлшегіш, типі: Eurosens Delta CAN, Eurosens Direct CAN).
Деаэратор	ЖШД өлшеуінің алдында дизельді жанармайдан ауа мен көпіршіктерді жоюға арналған құрылғы. ЖШД-мен бірге жасақталады.
ТДО	Орындаушының тәуелсіз диспетчерлік орталығы.
БҚ	АМЖ-ның бағдарламалық жасақтамасы.

GSM/GPRS	Ұялы байланыс және телеметриялық деректерді пакеттік беру.
Easy Logic / CAN Scanner	Жұмыс алгоритмдерін бағдарламалауға және автомобильдің CAN-шинасынан деректерді оқуға арналған Galileosky терминалдарының кірістірілген құралдары.
Дауыстық (акустикалық динамик) - дыбыстық зуммер (бузер)	Мемлекеттік (қазақ) тілдегі командаларды қолдайтын жүргізушіні сыртқы дыбыстық /дауыстық құлақтандырғыш.
Eco Driving	Жүргізу стилін бағалау модулі (шұғыл жылдамдық алу, тежеу, қауіпті маневрлер жасау, жылдамдықты асыру).
Технологиялық геоаймақ	Тапсырыс берушінің қызмет көрсетілетін ұңғымалары, өндірістік алаңдары, гараждары, мұнай құбырларының аумақтары және басқа да объектілері.
АКҚ, ТЖ және жабдықтар	Тапсырыс берушінің автокөлік құралдары, арнайы техникасы және өндірістік жабдықтары.
КБ	Тапсырыс берушінің Көлік басқармасы.

4. Қызметтердің көлемі және бастапқы мөлшері

4.1. Көрсетілген мөлшерлер қызмет көрсетудің бастапқы көлемі болып табылады. Нақты қызмет көрсетілетін бірліктердің тізбесі және жабдықтардың көлік құралдары бойынша бөлінісі Тапсырыс берушінің тізілімі (реестрі) бойынша нақтыланады; ақы төлеу шартта белгіленген тәртіппен нақты қызмет көрсетілген бірліктер үшін жүргізіледі.

Жабдық	Маркасы / типі	Мөлшері
Борттық GPS-терминал	Galileo Sky 7x	540
ЖШД қорытындысы		430
Деаэратор	Eurosens Deaerator	64
Зуммерлер	Queclink aktiv buzzer	540
Вандализмге қарсы қорғаныс қораптары	ZTM-ELECTRO	540

4.2. Қызметтердің құрамына мыналар кіреді: БҚ-ға және карталарға қолжетімділік ұсыну; ТДО-ны ұстау; GPS және ЖШД деректерін беру; SIM-карталар және ұялы байланыс; АМЖ-ны баптау және сүйемелдеу; жабдықтарға техникалық қызмет көрсету, диагностика жасау, монтаждау/демонтаждау; ЖШД-ны дайындаушы зауыт — «Мехатроника» ЖАҚ-пен келісілген метрологиялық тексеруден өткізу; деаэраторларға техникалық қызмет көрсету;

карталар мен геоаймақтарды жасау және өзектендіру; есептілік және консультациялық қолдау көрсету.

5. АМЖ-ға, серверлерге және деректерге қойылатын талаптар

5.1. Тапсырыс берушінің пайдаланушыларына жеке есептік жазбалар бере отырып және қолжетімділік құқықтарын шектей отырып, веб-браузер арқылы БҚ-ға тәулік бойы қолжетімділік ұсыну. Көлікті онлайн режимде көруді, тректердің тарихын және оларды қайталап ойнатуды, геоаймақтар мен бақылау нүктелерін бақылауды, оқиғалар журналын және оқиғалар туралы хабарламаларды көруді қарастыру.

5.2. Координаттардың, жылдамдықтың, жүрілген жолдың (пробегтің), мотосағаттардың (деректер болған жағдайда), датчиктер көрсеткіштерінің, жанармай шығынының және байланыс күйінің бейнеленуін; қате деректерді сүзгілеуді, графиктер мен көрсеткіштер панельдерін, есептерді PDF, Excel және келісілген деректер форматтарында қалыптастыру мен жүктеуді қамтамасыз ету. БҚ-ның серверлік бөлігі GNU/Linux операциялық жүйесін қолдауы керек; пайдаланушы интерфейсі қазіргі заманғы веб-браузерлерде, соның ішінде Google Chrome, Mozilla Firefox, Opera, Microsoft Edge, Safari және Яндекс.Браузерде жұмыс істеуі тиіс. Аналитикалық модуль деректерді импорттауды, анық қате мәндерді сүзгілеуді, тарихты сақтауды, интерактивті панельдерді, көрсеткіштер серпінін (динамикасын) және оқиғаларды сүзгілеуді қолдауы керек.

5.3. Техникалық мүмкіндік және қажетті бастапқы деректер болған жағдайда, стандартты API/хаттамаларды қоса алғанда, келісілген интерфейстер бойынша деректерді интеграциялауды/ретрансляциялауды қамтамасыз ету. Ақпараттық жүйелердің қолжетімділігінің жеке тәртібі Тапсырыс берушімен келісіледі.

5.4. БҚ орнатылған серверлер және резервтік көшірме жасау сервері Орындаушыда Қазақстан Республикасының аумағында орналасуы тиіс. Орындаушы қызмет көрсету мерзімі ішінде резервтік көшіруді, іркілістен кейін деректерді қалпына келтіруді, есептік жазбаларды қорғауды және тарихтың сақталуын қамтамасыз етеді.

5.5. Орындаушы қызмет көрсету кезеңінде деректер базасын және мониторинг тарихын сақтайды. Шарт аяқталған немесе мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, деректерді, тарихты, анықтамалықтар мен баптауларды оқуға жарамды форматта келісілген түрде жүктеп Тапсырыс берушіге береді, ал есептік деректерді қауіпсіз тәсілмен табыстайды.

5.6. Картографиялық модуль тиісті техникалық және лицензиялық мүмкіндік болған жағдайда Тапсырыс беруші пайдаланатын картографиялық қабаттар мен геодеректерді, соның ішінде Google, Yandex, OpenStreetMap, Bing, 2GIS және WebGIS қабаттарын қолдауы керек. Дереккөздердің рұқсат етілген негізгі жиынтығы мен басымдылығы Тапсырыс берушімен келісіледі.

5.7. Тапсырыс беруші келіскен өндірістік объектілер, маршруттар, алаңдық және желілік объектілер, геоаймақтар, тыйым салынған аймақтар, ұңғымалар, БӨП (бақылау-өткізу пункттері) және жылдамдық шектеулері БҚ-да бейнеленеді және сүйемелденеді. Өзгерістер Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша енгізіледі.

5.8. Техниканың орналасқан жерін және жұмысын бақылау: Координаттарды нақты уақыт режимінде анықтау, қозғалыс маршруттарын бақылау, тұрақтарды, аялдамаларды, бос тұрып қалуларды және ІЖҚ (іштен жану қозғалтқышының) жұмысын тіркеу.

5.9. ТЖ / АМЖ-да техника тізілімін (объектілердің карточкаларын) жүргізу: Орындаушы Тапсырыс берушінің АКҚ, ТЖ және жабдықтарының әрбір бірлігі бойынша ТЖ / АМЖ-да объект құруға және оның карточкасын («Негізгі» және «Сипаттамалары» бөлімдерін) толық көлемде толтыруға міндетті: VIN, КҚ типі, тіркеу белгісі, маркасы, моделі, шығарылған жылы, түсі, қозғалтқыш параметрлері және жүйеде көзделген өзге де өрістер, сондай-ақ қызмет көрсетудің бүкіл мерзімі ішінде деректердің өзектілігі мен толықтығын сақтап отыруы тиіс.

5.10. Жанармай шығынын бақылау (ЖШД): Жанармайдың нақты шығынын өлшеу, артық шығынды анықтау, қозғалтқыштың жүктememен жұмыс істеуін талдау және нормативтердің орындалуын бақылау.

5.11. Пайдаланудың ашықтығын арттыру: Жанармай бойынша есептерді қалыптастыру, деректерді салыстыру (шығын/жүрілген жол/мотосағаттар), адами факторды жоққа шығару.

5.12. Деректерді интеграциялау және өңдеу: Деректерді мониторинг серверіне беру, тарихты сақтау, API құралдары арқылы деректерді Тапсырыс берушінің және «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ ақпараттық жүйелеріне беру. Тапсырыс берушіге мониторинг жүйесіне API бойынша толық қолжетімділік беріледі: хабарламаларды көру және жүктеп алу, техниканың қозғалыс тарихын толық көру және жүктеу, сондай-ақ ТЖ / АМЖ-ның барлық сұраныстары мен функционалдық мүмкіндіктеріне Орындаушымен тең дәрежеде толыққанды қол жеткізу. Орындаушы қызмет көрсетудің бүкіл кезеңінде барлық техниканың толық қозғалыс тарихын сақтауға және Тапсырыс берушінің сұранысы бойынша кез келген техника бірлігінің (немесе техника тобының) қозғалыс тарихын (wln) және/немесе Microsoft Excel форматында жүктеп беруге міндетті.

6. ТДО және диспетчерлік қолдау

6.1. Орындаушы өзінің ТДО-ның 24/7 режиміндегі жұмысын және АМЖ-ның қолжетімділігін, 540 GPS-терминал мен 430 ЖШД-дан деректердің түсуін тәулік бойы бақылауды, сондай-ақ келісілген қолжетімділік шегінде өндірістік аумаққа келетін мердігерлер мен қосалқы мердігерлердің көлік құралдары бойынша АМЖ-ға берілетін деректердің мониторингін қамтамасыз етеді.

6.2. ТДО өтінімдерді қабылдайды, олардың берілген күні мен уақытын, объектіні, белгілерін (симптомдарын), басымдылығын, тағайындалған маманды, диагностикалау және қалпына келтіру нәтижелерін тіркейді. Тапсырыс берушіге өтінімнің нөмірі мен ағымдағы мәртебесі хабарланады.

6.3. Терминалдың немесе ЖШД-ның істен шығуы анықталған кезде диспетчер Тапсырыс берушіге негізсіз кешіктірусіз хабарлайды және қашықтан диагностикалауды бастайды. Егер себеп қашықтан анықталмаса немесе тексеру қажет болса, Орындаушы маманның келісілген жерге және уақытқа баруын ұйымдастырады.

6.4. Күн сайын сағат 10:00-ге дейін келісілген үлгі (шаблон) бойынша өткен тәуліктегі жабдықтың жұмысқа қабілеттілігі туралы жиынтық ақпарат беріледі. Сұраныс бойынша талдамалық және жоспардан тыс есептер ұсынылады.

6.5. Орындаушы оқиғалар журналын жүргізеді, оған байланыстың үзілуі, қуат көзінің немесе антеннаның істен шығуы, жылдамдықты асыру, тыйым салынған геоаймаққа кіру және жабдықтың жұмысына сырттан араласу белгілері кіреді. Егер оқиға жүйе тарапынан техникалық тұрғыдан анықталатын болса, нақты уақыт режимінде хабарламалар беріледі.

7. SIM-карталар және ұялы байланыс

7.1. Орындаушы орнатылған жабдықтар паркіне қызмет көрсету үшін жеткілікті мөлшерде SIM-карталарды ұсынады және оларға қызмет көрсетеді, байланыстың қажетті параметрлері мен тарифтік жоспарды, теңгерімді (балансты) және деректерді берудің қолжетімділігін бақылауды қамтамасыз етеді.

7.2. Тапсырыс берушінің жабдықтары үшін SIM-карталарға жұмсалатын шығындар, абоненттік төлем, GPRS/мобильді трафик, тарифтеу және ұялы байланысты ұстап тұру Орындаушының қызмет көрсету құнына кіреді.

7.3. Орындаушы SIM-карталардың мәртебесі мен байланысты қадағалайды, Тапсырыс берушіге жаппай немесе ұзаққа созылған проблемалар туралы хабарлайды, ақаулы SIM-карталарды ауыстырады және байланысты қалпына келтіреді.

8. Сервис деңгейі және өтінімдерді өңдеу мерзімдері

8.1. Жұмыс режимі: АМЖ-ның үздіксіз жұмыс істеуін және Орындаушының күштерімен және құралдарымен 24/7 режимінде (тәулігіне 24 сағат, аптасына 7 күн) деректердің үздіксіз берілуін қамтамасыз ету.

8.2. Жауап беру мерзімі — өтінімнің қабылданғанын растағанға және жұмыс басталғанға дейінгі уақыт. Диагностика мерзімі — себепті анықтағанға немесе қажетті әрекеттерді белгілегенге дейінгі уақыт. Қалпына келтіру мерзімі — функционалдықты қалпына келтіргенге немесе уақытша шешім ұсынғанға дейінгі уақыт. Төмендегі әрбір жол үшін жауап беру және қалпына келтіру мерзімдері бастапқы спецификацияның мәндерін сақтайды; бастапқы құжатта диагностиканың жеке нормативы көрсетілмеген, сондықтан

диагностика тиісті қалпына келтіру мерзімі шегінде орындалады. Мерзімдер өтінім тіркелген сәттен бастап есептеледі; күнтізбелік/жұмыс сағаттарын есепке алу тәртібі және Тапсырыс берушіге байланысты себептер бойынша кідіріс жағдайлары «Келісуге» бөліміне шығарылды.

Оқиға / өтініш	Жауап беру	Диагностика	Қалпына келтіру / орындау
БҚ немесе АМЖ функциясы қолжетімсіз	30 минутқа дейін	Қалпына келтіру мерзімі шегіндегі диагностика	24 сағатқа дейін
Жабдықтың істен шығуы расталмаған жағдайда, GPS-терминалдан немесе ЖШД-дан деректер жоқ	1 сағатқа дейін	Қалпына келтіру мерзімі шегіндегі диагностика және әрекеттер	12 сағатқа дейін, егер қашықтан қалпына келтіру мүмкін болса
GPS-терминалдың /ЖШД-ның ақаулығына байланысты деректер түспейді	1 сағатқа дейін	Қалпына келтіру мерзімі шегіндегі диагностика	36 сағатқа дейін, жабдық қолжетімді болған жағдайда баруды/ауыстыруды қоса алғанда
Браузер арқылы БҚ-ға қолжетімділік жоқ	30 минутқа дейін	Қалпына келтіру мерзімі шегіндегі диагностика	2 сағатқа дейін
Өтінім бойынша GPS-терминалды баптау/қайта баптау	2 сағатқа дейін	Орындау мерзімі шегіндегі диагностика	24 сағатқа дейін
Берілген деректер бойынша картаны өзектендіру	1 тәулікке дейін	Орындау мерзімі шегіндегі бастапқы деректерді тексеру	3 тәулікке дейін
Тапсырыс берушінің сұранысы бойынша есеп	2 сағатқа дейін	—	24 сағатқа дейін
Көрсетілген қызметтер туралы құжаттар	2 сағатқа дейін	—	48 сағатқа дейін
Өзара іс-қимыл регламентін ұсыну	2 тәулікке дейін	—	10 тәулікке дейін

8.3. Егер қосалқы бөлшекті жеткізу, техникаға қол жеткізу, жұмыстарды келісу қажеттілігіне немесе өзге де мән-жайларға байланысты белгіленген мерзімде қалпына келтіру мүмкін болмаса, Орындаушы мерзім өткенге дейін Тапсырыс берушіге себебін,

орындалған әрекеттерді, уақытша шараларды және қалпына келтіру мерзімін келісу үшін хабарлайды. Объектіге бару және кіру Тапсырыс берушінің ережелері бойынша ұйымдастырылады.

8.4. Техникалық қызмет көрсету (ТҚК): Орындаушы өз бюджетінің есебінен және күштерімен, құралдарымен АМЖ-ның 24/7 режимінде толық жұмысқа қабілетті күйін қамтамасыз етеді (диагностиканы, жөндеуді, ақаулы компоненттерді, кабельдік желілерді және шығыс материалдарын ауыстыруды қоса алғанда).

8.5. Деректерді берудің үздіксіздігі: Орындаушы борттық GPS-терминалдардан АМЖ-ның қашықтағы серверлеріне деректердің үздіксіз және тұрақты берілуіне, сондай-ақ КҚ-ны пайдаланудың барлық режимдерінде ЖШД-ның дұрыс жұмыс істеуіне кепілдік береді.

8.6. Байланыс қызметтері: Орындаушы терминалдарды ұялы байланыс операторларының SIM-карталарымен жасақтауды өз есебінен қамтамасыз етеді және шарттың бүкіл қолданылу мерзімі бойы (2027–2029 жж.) роумингті қолданбай, ҚР бүкіл аумағында GPRS /деректерді беру трафигін толық төлейді.

8.7. Вмешательствоны (сырттан араласуды) бақылау: ТҚК жүргізу кезінде Орындаушы үшінші тұлғалардың рұқсатсыз кіруін болдырмау үшін барлық қосылыстарды, GPS-терминалдарды қосу қосқыштарын және ЖШД орнату тораптарын пломбалауға және орындалған жұмыстар актілерінде пломба нөмірлерін тіркеуге міндетті.

9. GPS-терминалдарға және аксессуарларға техникалық қызмет көрсету

9.1 Терминалдарға, GSM/GPS-антенналарға, SIM-карталарға, зуммерлерге, қорғаныс қораптарына, кабельдерге, қосқыштарға (разъемдарға), пломбаларға және қуат беру тізбектеріне жоспарлы және өтінім бойынша диагностика жүргізу; қуат көзін, спутниктік сигналды, GPRS-ті, индикаторларды, кірістірілген аккумулятордың күйін және деректердің берілуін тексеру.

9.2 Жабдықты ылғалдан, шаңнан, балшықтан және ластанудан тазарту; қорғаныс қораптарының, қосылыстардың және сымдардың герметикалығы мен тұтастығын тексеру; өндірушінің талаптарын және көлік құралының қауіпсіздігін сақтай отырып, қосылыстар мен оқшаулауды қалпына келтіру.

9.3 Үйлесімді жабдықтың бағдарламалық жасақтамасын (прошивкасын) өзекті нұсқаға дейін жаңарту, параметрлер мен зуммерлерді баптау, көлік құралдарының келісілген тізбесі мен қолжетімді деректер бойынша CAN-шинасына қосу. Жұмыстардан кейін тректің үздіксіздігін және параметрлердің дұрыстығын тексеру.

9.4 Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша көлікті жөндеу, қайта жабдықтау, есептен шығару немесе іске қосу кезінде жабдықты монтаждауды/демонтаждауды және ауыстырып орнатуды (көшіруді) орындау. Жұмыстардан кейін қызмет көрсетілген әрбір бірлікке сериялық нөмірі, жұмыс құрамы, тексеру нәтижелері мен ескертулері көрсетілген жеке актіні ресімдеу; чек-парақты және егер бар болса, жабдықтың төлқұжатын/құжатын қоса беру.

9.5 Сырттан араласу (вмешательство) немесе вандализм күдігі туындаған кезде жабдықтың және пломбалардың күйін тіркеу, мүмкіндігінше фото/бейнетүйсіру жасау және Тапсырыс берушіге тексеру актісін тапсыру. Зақымданумен немесе қасақана істен шығарумен байланысты жұмыстарды бөлек ресімдеу.

9.6 Монтаждауға және қосылыстарды қалпына келтіруге арналған шығыс материалдарын (клеммалар, дәнекер (припой), термошөгілетін түтіктер, пломбалар, герметикалық кірістер, қорғаныс гофрасы және соған ұқсас материалдар) Орындаушы ұсынады.

10. ЖШД-ға техникалық қызмет көрсету және метрологиялық тексеру

10.1 Көрсеткіштер бұрыс болған жағдайда БҚ мен терминал деректерін, ЖШД корпусы мен бекіткіштерін, жанармайдың ақпауын, қуат көзін, қосқыштарды (разъемдарды), кабельдерді, пломбаларды және деректердің берілу дұрыстығын тексеру; қажет болған жағдайда дайындаушының құжаттамасы мен өкілеттіктер шегінде баптау мен калибрлеуді орындау.

10.2 Тізілімге (реестрге) маркасын, шығарылған елін/моделін, сериялық нөмірін, шығарылған күнін және метрологиялық тексеру туралы мәліметтерді енгізу. Үйлесімді жабдықтың бағдарламалық жасақтамасын (прошивкасын) жаңарту және келісілген жұмыстардан кейін қосылу тораптарын пломбалау.

10.3 Тексеруді жүргізу: 2027 жылға арналған шарт шеңберінде Орындаушы өз күштерімен және құралдарымен шамамен 430 дана (тексеру сәтіндегі жарамды жабдықтың нақты саны бойынша) жанармай шығынының датчиктерін (ЖШД) мемлекеттік метрологиялық тексеруден өткізуді ұйымдастыруға және жүргізуге міндеттенеді.

Монтаждау-демонтаждау жұмыстарының кешені: Барлық ілеспе жұмыстар, соның ішінде ЖШД-ны зертханаға жіберу үшін Тапсырыс берушінің автотехникасынан демонтаждау, тасымалдау, сондай-ақ тексеруден өткен ЖШД-ны техникаға кейіннен қайта монтаждау (орнату) тек қана Орындаушының күшімен, құралдарымен және есебінен жүзеге асырылады.

Сертификаттау: Тексеру Қазақстан Республикасының өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы заңнамасына сәйкес, аккредиттелген метрологиялық зертхананы тарта отырып жүргізілуі тиіс. Нәтижелері бойынша белгіленген үлгідегі сертификаттар (немесе ҚР Өлшем құралдарының мемлекеттік тізіліміндегі растау) ұсынылады.

Калибрлеу және іске қосу-баптау: тексеруден өткен ЖШД кейіннен монтаждалғаннан кейін Орындаушы міндетті түрде калибрлеуді және орындалған жұмыстарды қабылдау-тапсыру актілерін жасаумен АМЖ-да деректердің бейнелену дұрыстығын тексеруді орындайды.

Тексеруді жүргізу жабдықты Дайындаушы Зауытқа хабарлана отырып жүзеге асырылуы тиіс.

10.4 ЖШД-ны демонтаждау, орау және тексеру орнына дейін және кейін қарай тасымалдау, тапсыруды ресімдеу, тексеруді ұйымдастыру, растаушы құжаттарды алу, кейіннен монтаждау, баптау/калибрлеу және жұмысқа қабілеттілігін тексеруді Орындаушы орындайды. Мерзімділігі — екі жылда бір рет немесе нақты аспап үшін белгіленген тексеруаралық интервал; аспаптардың тізбесі мен мерзімдері Тапсырыс берушімен келісіледі.

11. Жанармай деаэраторларына техникалық қызмет көрсету

11.1. Дизельді жанармай деаэраторларына қызмет көрсету қызметтердің мәні мен көлеміне кіреді. Нақты маркаларын, модельдерін, орнатылған жерлерін және мөлшерін Тапсырыс беруші жұмыстарды жоспарлау басталғанға дейін бөлек тізіліммен (реестрмен) растайды.

11.2. Деаэраторды және жанармай жүйесін сырттай тексеруді жүргізу, корпустың, бекіткіштердің, қосылыстардың, шлангілердің, құбыржолдар мен фитингтердің герметикалығын және жанармайдың ақпауын тексеру.

Жанармай магистралінде ауа мен көпіршіктердің болуын, жанармайдың берілуі мен қайтарылуының тұрақтылығын, кері клапандардың, сүзгіш элементтердің және жанармай желілерінің күйін тексеру; майысуларды, бітелулерді және ағынның шектелуін анықтау.

Сыртқы беттерді, ішкі арналар мен камераларды техникалық құжаттамаға сәйкес тазарту. Бөлшектеуді қажеттілікке қарай және дайындаушының нұсқаулықтарына сәйкес орындау.

Герметикалықтың бұзылуын жою және ақаулы элементтерді ауыстыру (егер ауыстырылатын бөлшектердің құрамы мен құны қызмет бағасына кірмейтін болса, оларды келіскеннен кейін). Қызмет көрсеткеннен кейін жүйенің герметикалығы мен жұмысқа қабілеттілігін тексеру.

Ауаның түсуін, қозғалтқыш жұмысының тұрақсыздығын немесе қуатының төмендеуін, от алдырудың қиындауын, өздігінен тоқтап қалуын, жанармайдың тұрақсыз берілуін және ақпауын диагностикалау.

Өрт қауіпсіздігі талаптарын және жанармай жүйесімен жұмыс істеу ережелерін сақтау; ашық от пен ұшқын пайда болу көздерін болдырмау. Егер дайындаушының технологиясында өзгеше көзделмесе, қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде жүйенің герметикалығын бұзбау (ашпау).

12. Қосалқы бөлшектер, жабдықтарды ауыстыру және өзге де шығыстар

12.1. Қызметтердің бағасына еңбекақы төлеу, мамандардың баруы мен тасымалдануы, персоналдың тұруы мен тамақтануы, байланыс, SIM-карталар мен трафик, серверлерді жалдау (арендасы) мен оларға қызмет көрсету, бағдарламалық жасақтама, резервтік көшіру, монтаждау/демонтаждау, қайта баптау, диагностика жасау және осы спецификацияда тізілген шығыс материалдары кіреді.

12.2. Мониторингті қалпына келтіру үшін ақаулы терминал қажет болған жағдайда Орындаушының резервінен жұмысқа қабілетті жабдықпен уақытша ауыстырылады. Мұндай уақытша ауыстыру және резервтік жабдықты кейіннен қайтару құрылғыларды сәйкестендіре отырып, актімен ресімделеді.

13. Есептілік, қабылдау және құжаттама

13.1 Күн сайын жабдықтың қолжетімділігі және анықталған істен шығу жағдайлары туралы жиынтық ақпарат; апта сайын — ақаулардың тізбесі мен қабылданған шаралар көрсетілген орындалған жұмыстар туралы есеп; ай сайын — көрсетілген қызметтер, істен шығу және қалпына келтіру тарихы туралы есепті, сондай-ақ пайдаланудың жиынтық талдамасын (аналитикасын) ұсыну.

13.2 Орындалған жұмыстар бойынша күні, көлік құралы, сериялық нөмірлері, жұмысқа дейінгі және жұмыстан кейінгі күйінің сипаттамасы, диагностикасы, ауыстырылған материалдары/аспаптары, тексеру нәтижесі көрсетілген және өкілдердің қолдары қойылған келісілген үлгідегі актіні/өтінімді ресімдеу.

13.3 Есептерді БҚ арқылы және/немесе келісілген форматта (Excel, PDF, электрондық құжат) ұсыну. Үлгілері мен өрістерінің құрамы Тапсырыс берушімен бекітіледі.

13.4 Орындаушы көрсетілген қызметтерді тексеру және есептерді қалыптастыру үшін қажетті деректерді экспорттауды және Тапсырыс берушіге беруді қамтамасыз етеді. Егер Тапсырыс беруші есептік күнтізбені растаған болса, тоқсан сайынғы жүрілген жолдың (пробегтің) жиынтық ақпараты келісілген есепті кезеңнен кейінгі айдың 2-і күнінен кешіктірілмей ұсынылады.

14. Есептердің тізбесі (1-қосымша)

Орындаушы төменде тізілген есептерді жүйеде және/немесе Тапсырыс берушінің үлгілері (шаблондары) бойынша ұсынады. Автоматты есептер БҚ құралдарымен қалыптастырылады; сараптамалық талдауды талап ететін есептерді ТДО маманы ресімдейді. Кезеңдер, бөліністер мен алушылар бекітілген үлгілерде нақтыланады.

№	Есеп
1	Күндер бойынша жүрілген жолдың (пробегтің) егжей-тегжейлі мәліметі.
2	Күндер бойынша ЖШД арқылы жанармай шығынының егжей-тегжейлі мәліметі.
3	Күндер бойынша максималды жылдамдық.
4	GPS-терминалдың соңғы хабарлама жіберген уақыты және деректердің жоқ болу ұзақтығы.
5	Тандалған кезеңде геоаймақтарға бару.

6	Тыйым салынған геоаймақтарға бару.
7	Ұңғымаларға және өндірістік объектілерге бару.
8	Таңдалған кезеңдегі максималды жылдамдық.
9	АКТ-ның таңдалған бірлігінің объектілер бойынша сапарлары.
10	Кезең ішінде анықталған бұзушылықтар.
11	Жылдамдық режимін асырудың егжей-тегжейлі мәліметі.
12	Бірінші ауысымдағы жұмыс істелген уақыт.
13	Екінші ауысымдағы жұмыс істелген уақыт.
14, 14а, 14б	АКТ-ның нақты жүктемесі бойынша жиынтық есеп.
15	Кезең ішіндегі ЖШД бойынша жанармай шығыны.
16, 16а	АКТ-ны пайдалану тиімділігінің жиынтық талдауы.
17, 17а	АМЖ-ға техникалық қызмет көрсету бойынша көрсетілген қызметтер туралы есеп.
18	Келісілген көлемде мердігерлердің техникасын қоса алғанда, күндер бойынша терминалдардың жұмысқа қабілеттілігінің статистикасы.
28, 28а, 28б	Тапсырыс берушінің үлгісі бойынша терминалдардың және ретрансляцияланатын деректердің жұмысқа қабілеттілігі туралы күнделікті жиынтық ақпарат.

14.1. Қосымша есептер мен талдама (аналитика)

14.2 Топтар/автоколонналар бойынша тәуліктік жүрілген жол және жұмыс істелген уақыт; нормаларды ескере отырып, жүрілген жол мен ЖАМ (жанар-жағармай материалдарының) шығыны; қозғалтқышы жұмыс істеп тұрған кездегі бос тұрып қалу; тиісті деректер болған жағдайда мотосағаттар мен бос жүріс уақыты.

14.3 Аялдамалар, GPS-тің үздіксіздігі, объектілерге, тыйым салынған геоаймақтар мен БӨП-терге бару, жылдамдықты асыру, маршрутты бұзу, GPS/GSM сигналының жоғалуы, қуат көзінің күйі және сырттан араласу белгілері бойынша есептер.

14.4 Тапсырыс берушінің АКТ-сы бойынша және келісілген құрамда мердігерлік пен қосалқы мердігерлік ұйымдардың техникасы бойынша жабдықтардың жұмысқа қабілеттілігінің статистикасы; SIM-карталар мен байланыс сапасы туралы мәліметтер.

14.5 Жабдық бірлігіне байланыстыра отырып, орындалған жұмыстар, калибрлеулер, тексерулер, ауыстырулар, ЖШД диагностикасы және деаэраторларға қызмет көрсету бойынша есеп.

15. Қызмет көрсету мерзімдері, орны және тәртібі

15.1. Қызмет көрсету мерзімі: 2027 жылғы 01 қаңтардан бастап 2029 жылғы 31 желтоқсанды қоса алғанға дейін.

15.2. Қызмет көрсету орны — «Қаражанбасмұнай» АҚ объектілері мен өндірістік аумағы, соның ішінде «Қаражанбас» кен орны, сондай-ақ Тапсырыс беруші көрсеткен оның АКТ-сын пайдалану орындары. Қашықтан орындалатын жұмыстар үшін келісілген арналар арқылы АМЖ-ға және жабдықтарға қолжетімділік пайдаланылады.

15.3. Қызмет көрсетуге қабылданған парк үшін бастапқы қосу, байланыс параметрлерін тексеру, жабдықты баптау және ЖШД калибрлеу жұмыстары Тапсырыс берушімен келісілген кесте бойынша шарт жасасылған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде орындалады. Кесте Орындаушының пайдалануға беріліп қойған жабдықты жұмыс күйінде ұстап тұру міндетін өзгертпейді.

15.4. Актілердің, чек-парақтардың, өтінімдер мен есептердің нысандары Тапсырыс берушімен келісіледі. Тізілімге (реестрге) және шарт шарттарына сәйкес іс жүзінде қызмет көрсетілген АКТ/жабдық бірлігі қызметтің есепке алу бірлігі болып табылады.

16. Персоналға және қауіпсіздікке қойылатын талаптар

16.1 Орындаушы жауапты мамандар мен үйлестірушіні тағайындайды, оларды байланыс құралдарымен, көлікпен және құрал-саймандармен қамтамасыз етеді. Қызметкерлер кіру (рұқсаттама) ережелерін, еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі ережелерін, сондай-ақ Тапсырыс берушінің ішкі талаптарын сақтайды.

16.2 Жанармай жүйесімен жұмыстар тұтану көздерін болдырмай және жұмыс аяқталғаннан кейін герметикалығын тексере отырып жүргізіледі. Жанармайдың ағу немесе қауіпті пайдалану тәуекелін тудыратын барлық ақаулар туралы Тапсырыс берушіге дереу хабарланады.

17. Өзара іс-қимыл регламенті

17.1. Қолдау қызметі: 24/7 режимінде жедел жауап беру үшін Орындаушының арнайы техникалық қолдау қызметінің болуы.

17.2. Ақауларды жою мерзімдері: Тапсырыс берушінің жабдық немесе БҚ жұмысындағы іркіліс туралы өтінімін тіркеу және өңдеуді бастау уақыты — ол түскен сәттен бастап 24 сағаттан аспайды. Орындаушы маманының жөндеу жұмыстарын жүргізу, істен шыққан жабдықты демонтаждау, монтаждау немесе ҚҚ орналасқан жерде ауыстыру үшін баруы 3 жұмыс күніне дейінгі мерзімде жүзеге асырылады.

17.3. Оқыту: Орындаушы Қоғамның Өтінімі бойынша Тапсырыс берушінің қызметкерлерін АМЖ интерфейсімен және талдамалық есептерімен жұмыс істеуге жыл сайын тегін оқытуды жүргізуге міндеттенеді.

Қол қойған	Мурынбаева Камшат Догдырбаевна
Қол қойылған күні	27.10.2026

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

ТЕХНИЧЕСКАЯ СПЕЦИФИКАЦИЯ

по закупке 1265869 , Услуги мониторинга за автотранспортными средствами посредством системы GPS-мониторинга
способом Открытый тендер

Лот № 1 (11 У, 4566940) Услуги мониторинга за автотранспортными средствами посредством системы GPS-мониторинга

Заказчик: Акционерное общество "Каражанбасмунай"

Организатор: Акционерное общество "Каражанбасмунай"

